ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
САУДА ЖӘНЕ ИНТЕГРАЦИЯ МИНИСТРЛІГІ
Техникалық реттеу және метрология комитетінің
"Қазақстан стандарттау және
метрология институты"
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

Республиканское государственное предприятие
на праве хозяйственного ведения
"Казахстанский институт
стандартизации и метрологии"
Комитета технического регулирования и метрологии
МИНИСТЕРСТВА ТОРГОВЛИ И ИНТЕГРАЦИИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

№274 от 24.04.2023 года №

Астана қаласы город Астана

**2023 жылға арналған «ҚазСтандарт» РМК-нің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және 2022 жылғы 2 ақпандағы №802 «Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған 2023 жылға арналған «ҚазСтандарт» РМК Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары (бұдан әрі-Жоспар) бекітілсін.

2. 2023 жылғы 28 сәуірге дейін «ҚазСтандарт» РМК барлық қызметкерлерін осы бұйрықпен таныстыруды қамтамасыз етсін (Р.Т. Мусин);

3. «ҚазСтандарт» РМК Бас директорының орынбасарлары, құрылымдық бөлімшелерінің басшылары және филиалдардың директорлары:

1) Жоспар тармақтарының уақытылы және тиісті түрде орындалуын қамтамасыз етсін;

2) «ҚазСтандарт» РМК комплаенс жөніндегі менеджеріне Жоспардың орындалу барысы туралы ақпаратты көрсетілген мерзімде ұсынсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау комплаенс жөніндегі менеджерге бекітілсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Бас директор** **Ғ.Мұхамбетов**

005018

Бас директордың бұйрығына қосымша
"ҚазСтандарт" РМК
бастап "_24__" ___04___ 2023 жыл
№__274___"

**2023 жылға арналған «ҚазСтандарт» РМК-нің
сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар
жоспары**

| | іс-шаралар | орындаушы | мерзімдері | нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| **1.0** | **ИНСТИТУТТА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ ҮШІН ЖАҒДАЙЛАР ЖАСАУ** (ақпаратты жария ету арқылы) | | | |
| **1.1** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі құжаттаманы әзірлеу және бекіту немесе өзектендіру. | С.Жернаков, Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, Т.Тоқанов | 2023 жылғы 31 мамырға дейін | Ресми сайтта «сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет» бөлімінде келесі құжаттарды жариялау:<br>- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі туралы ереже;<br>- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат;<br>- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық;<br>- Мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу саясаты;<br>- Корпоративтік этика және мінез-құлық кодексі; |
| **1.2** | Сыбайлас жемқорлық белгілері мен фактілері туралы комплаенс қызметін бастамашылық ақпараттандыру арнасын құру және дамыту. | Т.Тоқанов, Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, С.Жернаков | тұрақты | Шағымдар және өтініштермен жұмыс. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға жағдай жасайтын схемалар мен тетіктер, тұлғалар мен ұйымдар туралы алдын алушы ақпарат алу. |
| **1.3** | Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдар тізілімін өзектендіру | Р.Мусин, Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, Т.Тоқанов, С.Жернаков | мамыр 2023 | Сыбайлас жемқорлыққа бейім лауазымдар тізілімін ресми сайтта «сыбайлас |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | | . | | жемқорлыққа қарсы қызмет» бөлімінде жариялау |
| **1.4** | ISO 37001 немесе ҚР СТ 3049-2017 стандарты бойынша Институтты енгізу және сертификаттау мәселесін пысықтау | С.Жернаков, Г.Тлешова | Жыл соңына дейін | Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл стандарттарын енгізу барысы туралы есеп |
| **2.0** | **ИНСТИТУТТА СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ТӘУЕКЕЛДЕРІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ АЗАЙТУ ЖҮЙЕСІН БЕЛГІЛЕУ** | | | |
| **2.1** | 30 тәулік ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу *(бұдан әрі – СЖТІТ)*. | С.Жернаков, А.Утегенова, Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, Т.Тоқанов, Б.Мустафина, А.Қиясова, Р.Мусин, «ҚазСтандарт» РМК барлық бөлімшелері мен филиалдары | 2 жартыжылдық 2023 | Нәтижелері бойынша Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау анықтамасын және тәуекелдерді азайту жөніндегі жоспарды дайындау (жоғарыда көрсетілген анықтамаға қол қойылғаннан кейін 10 күннен кешіктірмей, содан кейін ұйымның ресми сайтында 3 күн ішінде жариялау);<br>Анықтамаға қол қойылғаннан кейін 1 ай ішінде талдау нәтижелерін жария талқылауды жүргізу. |
| **2.2** | СЖТІТ анықтамасына қол қойылғаннан кейін 6 ай өткен соң себептер мен жағдайларды жою мониторингін жүзеге асыру | Е.Әмірханова, Б.Мұхамеджанов, Т.Тоқанов, Б.Мустафина, А.Қиясова, Р.Мусин С.Жернаков, А.Утегенова | Көрсетілген шарттарға сәйкес | Растайтын деректермен орындалуы туралы есеп. |
| **3.0** | **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК ӘДЕП КОДЕКСІ НОРМАЛАРЫНЫҢ САҚТАЛУЫН БАҚЫЛАУ ТЕТІКТЕРІН ҚҰРУ** | | | |
| **3.1** | Ұйымның беделін түсіретін фактілерді анықтау үшін Институттағы қызмет пен үдерістерге талдау жүргізу | Т.Тоқанов, Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, Р.Мусин, С.Жернаков, А.Утегенова, | 2-тоқсан 2023 | Институттың беделін түсіретін сыбайлас жемқорлық (әкімшілік және қылмыстық) құқық бұзушылықтарын, әдеп нормаларын жасау фактілері туралы есеп |
| **3.2** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық | Б.Мұхамеджанов, Е.Әмірханова, Т.Тоқанов, Б.Мустафина, А.Қиясова, Р.Мусин, С.Жернаков, | 3-тоқсан 2023 | Қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | қылмыстары үшін басшыларды тәртіптік жауапкершілікке тарту мониторингін жүзеге асыру. | А.Утегенова | | тартпау фактілері туралы есеп |
| **3.3** | Кадр қызметімен бірлесіп, қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың жауапкершілігін қарастырмау фактілеріне жол бермеуге бағытталған жұмыс жүргізу. | С.Жернаков, А.Утегенова, Р.Мусин | тамыз 2023 | Басқа лауазымға тағайындалуына байланысты қарамағындағылардың сыбайлас жемқорлығы үшін басшылардың жауапкершілігін қарастырмау фактілері туралы есеп |
| **3.4** | Жұмыс істеп тұрған/әлеуетті қызметкерлерді/контрагенттерді тексеруді ұйымдастыру | Б.Мустафина, Р.Мусин, А.Қиясова, С.Жернаков, А.Утегенова, | 2жартыжылдық 2023 | Сенімсіз контрагенттерді/жұмысшыларды тексеру туралы есеп. Мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыратын адамдар туралы есеп («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы) |
| **3.5** | Кадр қызметімен бірлесіп жұмыс істеп тұрған/әлеуетті қызметкерлерді тексеру алгоритмін жетілдіру. | С.Жернаков, А.Утегенова, Б.Мустафина, Р.Мусин | 4-тоқсан 2023 | Институт қызметкеріне қойылатын талаптар мен құзыреттілікке сәйкес келмейтін тұлғалар туралы есеп. Жақын туыстардың, ерлі-зайыптылардың және жекжаттардың бірге қызмет (жұмыс) істеу фактілері туралы есеп («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабы) |
| **3.6** | Мүдделі бөлімшелермен бірлесіп қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілерін анықтауға бағытталған эксперименттер (интегрити чек) жүргізу | С.Жернаков, А.Утегенова, Р.Мусин | 2-жартыжылдық 2023 | Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | мүмкіндігін қарастыру. | | | қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану фактілері туралы есеп («Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы) |
| **4.0** | **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ НЫҒАЙТУ** | | | |
| **4.1** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында Институт және филиал қызметкерлері үшін профилактикалық, түсіндіру, оқыту іс-шараларын *(дәрістер, семинарлар, жиналыстар, жеке әңгімелесулер және т. б.)* өткізу | Р.Мусин, С.Жернаков | тоқсан сайын | Жүргізілген жұмыстың сақталған материалдары. |
| **4.2** | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және нығайту мақсатында Институт қызметкерлерін біліктілігін арттыру шеңберінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқытуға жіберу | Р.Мусин, С.Жернаков | тоқсан сайын | Біліктілікті арттыру сертификаттары |
| **4.3** | Қызметкерлермен, әсіресе сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымды атқарушылармен жүйелі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру | С.Жернаков | тоқсан сайын | Жеке және топтық профилактикалық әңгімелесулер өткізу. |
| **5.0** | Жұмысты бақылау және үйлестіру үшін Институтта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жоспардың іске асырылу барысы туралы есеп дайындау. | С.Жернаков | Тоқсан сайын есепті кезеңнен кейінгі айдың 5-күніне | ҮББ-4 іске асыру барысы туралы есеп |
| **6.0** | Қажеттілігіне қарай колданыстағы жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізуді көздеу. | С.Жернаков | Қажеттілігі не қарай | Бекітілген қызметтік анықтама негізінде. |